ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылдың тамыз айындағы
ҚР аймақтарындағы инфляциялық үрдістер туралы

2023 жыл, 18 қыркүйек

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚР аймақтарындағы инфляциялық үрдістер туралы деректі жариялады.

Тамыз айында елде **айлық инфляция 0,7%**-ға өсті.

2023 жылғы тамызда елде **жылдық инфляция** баяулап, **13,1%**-ды құрады (шілдеде – 14,0%). Аймақ деңгейінде қарағанда, жылдық инфляция барлық 20 өңірде бәсеңдеді.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Ақмола облысында, Астана қаласында және Солтүстік Қазақстан облысында тіркелді.

Тамызда **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 12,4%-ға дейін (шілдеде – 13,5%) баяулады. Осы топтағы тауарлардың бағасы Астана қаласында (16,2%) тым тез, ал Шымкент қаласында (9,7%) тым баяу өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 13,5%-ға дейін баяулады (шілдеде – 15,0%). Ең жоғары мән – Астана қаласында (16,2%), ең төмен мән – Ұлытау облысында (9,6%) тіркелді.

Тамызда **ақылы көрсетілетін қызметтердің** бағасы ж/ж 13,9%-ға дейін өсті (шілдеде – 13,6%). Бұл ретте Ақмола облысында (17,4%) баға жалпы республикалық деңгейден біршама тез, Астана қаласында (9,5%) айтарлықтай баяу өсті.

Толығырақ: https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:
8 (7172) 77–52–10
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz